

Атырау облысының мемлекеттік органдарында және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша 2024 жылдың 17 маусым жай-күйі туралы

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Сафи Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі» КМҚК

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы 2016 жылы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес «Сафи Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжінің жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі жұмыс тобының құрамымен жүргізілді:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Сарбалиева Маруся Шамшиевна	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
2	Косымбаева Торгын Орынбасаровна	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
3	Имашева Анар Карашбаевна	Оқу бөлімінің меңгерушісі
4	Адилова Гулнара Айнашовна	Өндірістік оқыту шебері, Кәсіподақ төрайымы
5	Исахаева Наркес Минбаевна	Кадр жөніндегі инспекторы

«Сафи Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі» қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілері:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығы;
- «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеумет көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы;

-Мемлекеттік стипендияларды тағайындау,төлеу, қағидаларын және олардың мөлшелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы;

-Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы;

-«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы;

-«Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығы;

-Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы;

-Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы;

- «Азаматтық қызметшілерге мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне,қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің №1193 қаулысы;

- «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға,оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын өтеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының №120-VI Кодексі;

- «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95- IV Кодексі;

- «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы;

- Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V заңы;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты: басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызмет, қаржылық-шаруашылық қызмет, білім беру қызметі, әлеуметтік тәрбие қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оқу бөлімінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

Басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметі

Enbek.kz биржасына бос вакансиялар орналастырылады. Қызметкерлердің еңбек шарттары қағаз түрінде жасақталады және электрондық еңбек шарты Enbek.kz сайтына тіркеледі, электрондық қызметкерлердің жеке істері қалыптастырылған. Іс қағаздарын жүргізу (бұйрықтар: жеке, негізгі, демалыс-іссапар) ережеге сәйкес жүреді. Еңбек кітапшалары уақытылы толтырылады. Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін аттестаттау (біліктілік санаттарын беру және бекіту) ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрық негізінде жүзеге асырылады.

Барлық педагог- инженер құрамы лауазымдарға қойылатын талаптарға сай, жоғары, техникалық кәсіптік білімі бар.

Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері жоқ.

«Е-Отinish» сайтына келіп түскен хаттар уақытында орындалып жауап жіберіледі. Es.iac.kz сайтына келіп түсетін өтініштер уақытымен қарастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету 8 бағыты бойынша жүзеге асырады:

- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес;
- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну»;
- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру;
- ✓ «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бірлесіп, мемлекеттік қызмет;
- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген;
- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» білім алушыларға академиялық демалыс берілген;
- ✓ «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрі бойынша ауыстыру және қайта қабылдау»;
- ✓ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру»

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен мерзімдері бойынша мерзімдерді бұзу фактілері анықталған жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызметіне

Заңды тұлғалармен жасақталған келісім-шарттар цифрлы қол қою арқылы электронды түрде жасақталған. Колледж мүліктерінің инвентаризациялық тізімдері жасалған. Есеп бөлімі барлық қаржылық операциялар, бухгалтерлік учет, бюджетті нақтылау, жоспарлау 1С программасымен орындалып отыр. Жұмыс уақытының парағы ай сайын алынып, Parus kaz.kz программасы бойынша жасаған жұмыс күніне сәйкес қызметкерлерге жалақы есептеліп, төленеді.

Кешен қызметіне қажетті тауар, жұмыс пен қызметтерді мемлекеттік сатып алу веб портал арқылы айқын және ашық электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандайда бір байланысқа түсуге мүмкіндіктің болмауына байланысты, сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол берілмейді. Қолданыстағы мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес, жоспарланып отырған және өткізілетін барлық сатып алулар туралы ақпарат толық Goszakur.gov.kz веб порталында көрсетілген. Шарт бойынша тауарларды уақытылы жеткізбеу және қызметтерді (жұмыстарды) орындамау жағдайлары орын алған әрбір жағдайға сотқа талап арыз жолданады.

Білім беру қызметі

Педагогтердің жеке жүктемесі оқу жылының басында тарификациялық комиссия арқылы бекітілген. Колледж білім алушыларының сабаққа қатысты және білімін бағалау мақсатында «Edus» платформасы арқылы электронды журнал жүргізіледі. Білім алушыларға өздеріне берілген логин, пароль арқылы жеке кабинеттерінде кез келген уақытта пәндер бойынша алған бағаларын қарауға мүмкіндік берілген.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығын басшылыққа алып аралық емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ережелер жасақталған.

Іс шараның мақсаты жемқорлықты тоқтату, студенттерге сессия және сабақ кезінде онымен күресу жолдарын түсіндіру.

Парассыз сессияның негізгі мақсаты — студенттердің құқықтық санасы мен белсенді азаматтық сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзушылық көріністеріне төзбеушілік.

Оқуға қабылдау талапкерлердің құжаттары «Edus» платформасы арқылы қабылданады және қорытындысы осы жүйе арқылы шығады.

Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу, қағидаларын және олардың мөлшелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Әлеуметтік-тәрбие қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар жоспары Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментімен бірлесе жасақталған. Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспары бекітілген. Сафи Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында «Саналы ұрпақ» еріктілер клубы құрылған. «Парассыз сессия» акциясы өтіп тұрады. Студенттерге сенім жәшігі қойылып, өздері сол жәшікке анонимді түрде хаттар қалдырып, білім алып отырған ұйымнан қандай да бір қыспаққа алу көрсе соны ашық жазу ұсынылады.

«Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеумет көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы негізінде барлық студенттер бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған іс-шаралар туралы ақпараттар колледждің әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында жарияланып тұрады.

Қорытынды және ұсыныстар:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында:

1.Құжаттарды актілерді, келісім шарттарды жасақтау кезінде қолданыстағы заңнамаларды басшылыққа алу

2.Тауарларды уақытылы жеткізбеу және қызметтерді (жұмыстарды) орындамаған жағдайда уақытылы сотқа талап арыз жолдау.

3.Парассыз емтихандардың болуын қамтамасыз ету.

Жұмыс тобы мүшелері:

Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары

Директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары

Оқу бөлімінің меңгерушісі

✓ Кәсіподақ төрайымы

Кадр жөніндегі инспекторы



М.Сарбалиева

Т.Косымбаева

А.Имашева

Г.Адилова

Н.Исахаева